

**2022-2023 оқу жылына Аққайың жалпы орта білім беретін мектебінің психологиялық қызметтің жылдық есебі**

**Психологиялық диагностика бағыты бойынша** 1-11 класс білім алушыларының «Тәрбие деңгейінің диагностикасы» диагностикалық жұмысы ұйымдастырылды. Диагностикалық жұмыс барысында білім алушылардың тәрбиелік деңгейінің көрсеткіштері бірнеше критериилер арқылы бағаланды. Білім алушыларының тәрбие деңгейі жақсы деңгейде деп бағаланды.

1- 11 класс білім алушыларының танымдық қабілеттерін диагностикалау жұмысы жүргізіліп, берілген ұсыныстар мен кеңестар бойынша түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. 1, 5,10 класс білім алушыларын психологиялық бейімделу деңгейін анықтау мақсатында түрлі диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

1 класс білім алушыларының мектепке бейімделу деңгейін және танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында көру арқылы есте сақтау деңгейін, зейін процесінің даму деңгейін, мазасыздық деңгейін, мектеп мотивациясы, өзін өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған әдістер мен жаттығулар жүргізілді.

5 класс білім алушыларымен бейімделу деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар, таным қабілеттерін зерттеу, қобалжу, мазасыздық деңгейін, өзін – өзі бағалау деңгейін анықтау, темперамент формуласын анықтау диагностикасын зерттеу жұмыстары жүргізілді.

10 класс білім алушыларымен жаңа ортаға бейімделу деңгейін анықтау және білім алушылардың көзқарастарын білу мақсатында сауалнамалар жүргізілді. Жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша жеке оқушылармен түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

2 – 4-сынып білім алушыларының танымдық деңгейін , тәрбие деңгейін, өзін – өзі бағалау, деңгейін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Темперамент типтері анықталды.

Жас маманмен жұмыс барысында «Сіз қандай мұғалімсіз?» сауалнамасы алынды. Жас мамандарға өздерінің тұлғалық типтерін 80 пайызға дейін анықтауға мүмкіндік берілді. Жас маманның ұжымға бейімделу деңгейі психологиялық – педагогикалық тұрғыдан қалыпты деңгейде. Ұжымға бейімделе алмау мәселелері анықталған жоқ. Ұжым мүшелерінің жас маманмен қарым қатынасы жағымды деңгейде.

Білім алушылардың мектепке келудегі көңіл –күйлері қалыпты. Ойларын еркін жеткізе біледі. Жаңадан қабылданған оқушылар арасында сыныпқа

бейімделе алмау мәселелері анықталған жоқ. Оқушылардың бір – бірімен қарым – қатынас деңгейі қалыпты.

Жылдық жоспарға сәйкес Голланд әдістемесі 7-11 класс оқушыларына өткізілді. Мақсаты: Жеке адамның типін анықтау.

Гарнердің көптік интеллект тесті 8,9,10 «А» класс оқушыларына өткізілді. Оқушылардан 13 секция бойынша интеллект түрі анықталды.

Нәтижесінде 17 оқушыдан 5 оқушыда айқын байқалған интеллект түрі – спорттық, 2 оқушыда моторлы-қозғалыс, 1 оқушыда әртістік, 1 оқушыда логикалық, 1 оқушыда музыкалық.

Аққайың ЖОББ мектебінде 8,9,10 класс оқушылар аралығында спорттық интеллект түрі басым екені анықталды.

8-11 класс оқушыларына Климовтың "дифференциалды - диагностикалық сауалнама" әдістемесі өткізілді. Аққайың ЖОББ мектебінде 8,9,10 класс оқушылар аралығында "адам—адам" типіне бейім 9 оқушы, 5 оқушы "адам—көркем образ", 3 оқушы "адам—техника", "адам—табиғат", "адам— белгі жүйесі" 1 оқушыдан бейім. 5-9 класс оқушыларының қызығушылығын зерттеу мақсатында «Қызығушылық картасы» әдістемесі алынды. Әдістеме қорытындысы бойынша оқушылардың дене шынықтыру және спорт саласына қызығушылық басым, ал сахна өнері, биология, география, ағаш өңдеу, әдебиет, құқықтану салаларына қызығушылық жоқ екені анықталды.

5-11 класс оқушыларынан тұрмыстық зорлық- зомбылық және көмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу атты сауалнама алынды. Оқушылар толықтай сауалнамаға қатысты. Зорлық-зомбылыққа ұшырап, зардап шеккен оқушылар анықталған жоқ.

5,10 класс оқушыларына социометрия әдістемесі өткізілді. 5 «А», «Б» оқушыларының темперамент типі анықталды. 1 класс оқушыларына «Кактус» әдістемесі өткізілді.

23.01. күні 3-4 класс оқушыларына «Отбасы суреті» жобалау әдістемесі өткізілді. Мақсаты: Баланың отбасындағы қарым-қатынасын анықтау. Зерттеуге 10 оқушы қатысты. Баланың отбасындағы қарым-қатынасы деңгейі 2 оқушыда орташа деңгейде, 8 оқушыда қалыпты деңгейде. Орташа деңгейдегі оқушылармен әңгімелесу жүргізілді.

Ақпан айында 6-11 сынып оқушыларының темперамент типі зерттелді. Айзенк темпераментті анықтау тесті қолданылды. Зерттеуге 33 оқушы қатысты. Нәтижесі кестеге салынды.

Темперамент типі	Холерик	Флегматик	Сангвиник	Меланхолик
Оқушы саны	11	15	6	1
%-бен	33,3%	45,5%	18,1%	3%

ата-аналармен «Бақыт мекені» атты коуч-сессия өткізілді. Мұғалімдермен «Мұғалім мектеп жүрегі» атты тренинг өткізілді. 5-7 класс оқушыларымен «Біз бақытты балалық үшін» атты тренинг өткізілді. Мақсаты: өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру. Мектебімізде құпия дос акциясы ұстаздар мен оқушылар арасында жүрді. Ұстаздар әсіресе екінші, үшінші күндері ерекше белсенділікпен кірісті. Бес күнге созылған акция оқушылар арасында да жалғасын тауып, оқушылар да ерекше қызығушылықпен мәресіне жетті.

«Қатыгездік пен зорлық -зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық ақпараттық науқан аясында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді. 11 класс оқушыларымен «Сенімділік» тақырыбында әңгімелесу өткізілді. 1 класс оқушыларына «Мектеп өмірінің ережесі» атты тренинг өткізілді. «Мен және отбасым» тақырыбында оқушылар өз ойларын арт терапия әдісінің, саусақпен сурет салу тәсілі арқылы көрсетті.

Қаңтар айында девиантты мінез-құлықтың алдын алу (құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің алдын алу) бағытында іс-шаралар ұйымдастырылды. «Қызға қырық үйден тыйым» атты қыздар жиналысы өткізілді. Жиналысқа 9-11 класс қыздары және ауыл медбикесі Дауренбек Диана қатысты. Дауренбек Диана қыздарға ерте жүктіліктің зияны мен алдын алу тақырыптарына тоқталып, қыздарға өз кеңесін айтты. Қыздарға тақырыпқа сай бейнеролик, презентация көрсетілді. Қыздар өз ойларын, сұрақтарын ашық айта алды. Жиналыс барысында қыздар көптеген мәлімет ала алды. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағыты бойынша 6-8 класс оқушылары арасында «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг өткізілді.

Педагогикалық ұжыммен «Менің педагогикалық ұстанымым» атты арт терапия өткізілді. «Жасөспірімдердің суицидалды мінез -құлқы» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Педагогтердің шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында тренинг өткізілді. «Баламның мамандық таңдауына менің үлесім» тақырыбында 9-11 класс ата-аналары арасында дөңгелек үстел өткізілді.

1-11 класс ата-аналарына «Ата-ана махаббаты» тақырыбында бейнеролик көрсетілді.

5-6 класс оқушыларымен «Қысқы табиғат аясындағы көңілді балалар» библиокафе аясында тренинг өткізілді. Оқушыларға мектеп ауласында кітаптар кафесі ұйымдастырылды. Онда қызықты кітаптар және ыстық кофе мен тәттілер болды. Қызықты ойын тренингтер жүргізілді. Оқушыларға тренинг ұнады. Жасерекшелік психологиясы бойынша ата-аналар мен ұстаздарға дәріс өткізілді.

5 класс оқушыларымен Филипс тесті және «Оқуға қарым -қатынасы» тесттері өткізілді.

10-11 жастағы оқушылардың қабілеттерін зерттеу бағыты бойынша 8 оқушы тесттен өтті. Жалпы ұпай саны -73. Оқушылардың орташа ұпай саны -47.

Т.В.Артемяваның қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығуларын 1-4 класс оқушыларына өткізілді.

**II. Кеңес беру жұмысы бойынша** мұғалімдердің сұранысы негізінде оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. Бұл оқушылармен арнайы жоспар құрылып, түзету дамыту, ағарту және кеңес беру жұмыстары жүргізіледі.

11 сыныптар білім алушыларымен және ата – аналарымен кеңес беру жұмыстары жүргізілді. 1-сынып ата – аналарына балаларының мектепке бейімделу процесінің тиімді өтуіне байланысты кеңестер берілді. Мамандық таңдауға байланысты жеке сұрақтарға жауап беріп, көмек көрсетілді.

Ерте жүктіліктің алдын алу тақыбында 8-10 класс ата аналарына психологиялық кеңес жадынамасы таратылды.

**III. Түзету дамыту жұмысы бойынша** ата – аналармен, білім алушылармен және білім алушылармен топтық және жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылды. 1,5,10 класс оқушыларымен бейімделу бағытында дамыту тренингтері өткізілді. 11 класс оқушыларымен мамандық таңдауға байланысты тренинг өткізілді. Тимбилдинг/тренингтер, сергіту жаттығулары өткізілді.

Тренинг жоспар бойынша өтті. Тренинг қатысушы оқушылар жаттығуларға белсенді қатысып, әңгімелесу, пікірталас барысында өз ойларын жеткізе білді. Оқшау қалған білім алушы болмады.

Қаңтар айында дарынды балалармен жұмыс бағыты бойынша 7-8 класс оқушыларымен ақыл -ой дамыту ойындары жүргізілді. Ақпан айында «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі 7-9 класс оқушылары өткізілді.

Буллинг,кибербуллинг тақырыбында түсіндіру жұмыстары өткізілді. 9 класс оқушыларымен «Формула успеха» тақырында тренинг өткізілді.

**IV. Ағарту жұмысы** бойынша қыркүйек айының екінші сенбісінде отбасы күніне арналған тренинг 5-8 сынып оқушыларына жүргізілді. 1-2 класс оқушыларымен , білім алушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету мақсатында «Достық дегеніміз не?» тақырыбында тренинг өткізілді. 3 сынып оқушыларымен буллингті алдын алу мақсатында профилактикалық сабақ өткізілді. 1,5,10 класс ата- аналармен бейімделу кезеңінің маңыздылығы тақырыбында жиналыстар өткізілді.

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы ұйымдастырған «Егер мен суперқаһарман болсам» атты облыстық сурет байқауына 1 класс оқушысы Нугманова Жанара қатысты.

Балалар мен жасөспірімдер арасында буллингке қарсы сана сезімін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді қарсы тұруға ұмтылысын тәрбиелеу мақсатында оқушылар «Менің сыныбым буллингке қарсы» бейнероликтер, суреттер, фотосуреттер челленджіне қатысып, 19 мамырда жалпы республикалық «Менің мектебім буллингке қарсы» флешмобы өткізілді. Флешмобқа 7-10 класс оқушылары қатысты.

Мектеп психологі:  Әбілхаева Г.Н.